**Автор**: Шыныбекова Айман Сахановна
**Пән**: Қазақ әдебиеті
**Сынып**: 10-сынып
**Бөлім**: Заман, дәуір тұлғасы
**Тақырып**: Абайдың алтыншы, он тоғызыншы қара сөздері

---

| | |
|---|---|
| Мақсаты: | **Білімділік:** Абай қара сөздеріне шолу жасай отырып, 6 және 19 қара сөзінің идеясын анықтап, мән-мағынасын ашу.<br>**Дамытушылық:** Оқушылардың ой-өрісін, өмірлік көзқарасын, сыни ойлау, байланыстыра сөйлеу дағдыларын дамыту;<br>**Тәрбиелік:** Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәніне назар аударту, адамгершілікті, ізгілікке тәрбиелеу. |
| Күтілетін нәтиже: | Абай қара сөздері туралы білген-түйгендерін пысықтап, білімдерін тереңдетеді, сөйлеу мәдениеті, сөздік қоры қалыптасады. |
| 7 модульдің қолданылуы | АКТ", "Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер", "Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау", "Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету", "Оқытуды басқару және көшбасшылық". |
| Қолданылатын ресурстар | Флипчарт, маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер, интерактивті тақта |
| Түрі: Әдісі: Көрнекілігі: | Аралас сабақ<br>Топтық жұмыс, жеке жұмыс, сұрақ-жауап, Венн диаграммасы, эссе<br>Абай «Қара сөздері» кітабы, слайд, үнтаспа. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі | **Мұғалімнің іс-әрекеті**<br>1. Білім алушылармен сәлемдесу, тізім бойынша түгендеу;<br>2. Білім алушылардың зейіндерін сабаққа аудару<br>**Оқушының іс-әрекеті**<br>Мұғаліммен сәлемдеседі.<br>Оқушылар бір-біріне жылы лебіз-тілектерін айтады.<br>Сыныптың топ басшысы жоқтарды айтады. | |
| Топтастыру | **Мұғалімнің іс-әрекеті**<br>«Мозаика» әдісі арқылы Оқушыларға сурет бөліктері беріледі. Әр сурет бөлшектері бойынша оқушылар қосылап бір топ болады. **«Қыс», «жаз», «күз», «жазғытұры»** тобы болып төрт топқа бөлінеді.<br>**Оқушының іс-әрекеті**<br>Оқушылар топқа бөлініп, өз топбасшыларын сайлайды.<br>Топ ішінде тәртіп ережелері талданып, сол арқылы сыныптың алтын ережесін құрады.<br>Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалап отырады. | |
| Қызығушылық тарын ояту | **Мұғалімнің іс-әрекеті**<br>Үй жұмысын сұрау<br>Үйге берілген тапсырма сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсіру. Абайдың табиғат лирикасына арналған өлеңдеріне талдау жасау. «Қыс», «Жаз», «Күз», «Жазғытұры»<br>**Оқушының іс-әрекеті**<br>Абайдың табиғат лирикасындағы өлең шумақтарын таңдап алып, сол өлеңнің Абайдың қай өлеңі екендігін пайымдап, әр топ Абай өлеңдеріне талдау жасайды. | |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| Бүгінгі сабағымызды: | Қара сөзі, қара өлеңі қарымды,<br>Толғайды Абай мұңым менен зарымды.<br>Абай сынды дана туған халықтың,<br>Ұл-қызы да болу керек дарынды, - деген өлең жолдары арқылы бастағым келіп отыр.<br>-Ендеше Абай қара сөздерін әліміз келгенше түсіндіріп, ой түйіндейік шолу жасайық.<br>-**Ендеше үйге берілген тапсырмаға шолу жасайық,**<br>Сабаққа дайындық жасайды, зейіндерін аударып ден қояды. «шаттық шеңбері» арқылы бір-біріне сабақтың жақсы өтуіне тілек білдіреді. | |

| **Сабаққезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Топтастыру | «Мозаика» әдісі арқылы оқушыларға сурет бөліктері беріледі. Әр сурет бөлшектері бойынша оқушылар қосылап бір топ болады. **«Қыс», «жаз», «күз», «жазғытұры»** тобы болып төрт топқа бөлінеді.<br>Image not found or type unknown<br>Бүгінгі сабақта Абайдың философ екенін дәлелдейтін өмірінің соңғы кездерінде жазылған еңбегі қарасөздерімен танысамыз.<br>**Қарасөз туралы теориялық түсінік**<br>Қарасөз (проза) – көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Өлең сөзден бір айырмашылығы – онда сөз ырғағы еркін, өлеңдегідей қандай да бір белгілі өлшемдер болмайды. Қарасөздер саясат, публицистика, философия тұрғысында жазыла береді. Қара сөзбен жазылған көркем шығармада өмір құбылыстарын, әр түрлі уақиғаларды баяндау тәсілі айрықша болады.<br>**Абайдың алтыншы және он тоғызыншы қарасөздерін тыңдату.**<br>https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/10-synyp/lesson/abajdyng-altynshy-qarasozi<br>Image not found or type unknown<br>https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/10-synyp/lesson/abajdyng-on-tohyzynshy-qarasozi<br>Image not found or type unknown | |

<table>
<tr><th>Сабақкезеңдері</th><th>Жоспарланған іс-әрекет</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабаққа рефлексия жасау</td><td>Оқушылар сабақ бойынша рефлексияны «Нысана» әдісі арқылы жүргізеді<br>Image not found or type unknown<br><br>https://www.google.com/search?safe=strict&biw=1600&bih=740&tbm</td><td></td></tr>
<tr><td>Бағалау</td><td>Оқушылар бағалау парақшасына өздерінің ұпайларын қояды.<br><table><tr><td>Іс-әрекет</td><td>Баға</td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td><td></td></tr>
<tr><td>Қорыту</td><td>Оқытушының қорытынды сөзі:<br>Абай қара сөздерінің бізге, кейінгі ұрпаққа берері көп екені, тәрбиелік, үлгі аларлық насихат сөздерге толы екеніне көзіміз жетті.<br>- Абай қара сөздерінен қандай үлгі-өнеге алдық, тәлімдік ой түйдік?<br>Абай – ұлы ақын, ғалым, философ, көркем әдебиеттің темірқазығы.<br>Абай насихаты – ынтымақшыл, арлы, адал, еңбекқор, иманды, талапты, үлкен жүректі кісі болу.<br>Абайдың өз сөзімен айтсақ:<br>Терең ойдың түбінде теңізі бар,<br>Тесіле көп қараса, көңіл ұғар.<br>Абай Әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер Ұлы Мұхтар «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген екен. Ал біз Ұлы ғұлама тереңінен тек қана дәм таттық деп ойлаймын. Сол себептен оқудан бас тартпайық, білуге құмар болайық, ізденуден жалықпайық.</td><td></td></tr>
<tr><td>Үйге тапсырма</td><td>Он тоғызыншы қара сөзін” жаттау. “Алтыншы қара” сөзін құрылысына талдау.</td><td></td></tr>
</table>